

**Ш.Д. Бүркітбаева**Истамбұл университеті, Түркия Республикасы, Истамбұл қ.
e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru**КӨНЕ ТҮРКІЛЕР ҚОЛДАҢҒАН ЖАЗУЛАР
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

Мақалада көне түркілер қолданған жазулар және олардың шығу тарихы туралы баяндалды. Шетелдік және отандық ғалымдардың талдаулары мен тұжырымдарынан деректер келтірілді. Көне түркілерден қалған тарихи жәдігерлер түркілердің ислам дінін қабылдамай тұрып бірнеше әліпбиді қолданғандығын дәлелдеп берді. Мақаланың мақсаты көне түркілердегі жоғары өркениетті дәріптеп, келер ұрпаққа насихаттау. Өркениетті елдерде ғана жазу болатындығы белгілі жәйт. Түркілер өмір сүрген кең байтақ ұлы далада жазу-сызудың жоғары деңгейде дамығаны тарихтан белгілі. Ислам діні түркілер топырағына келмей тұрып бірнеше дінді қабылдап, әр түрлі жазуды қолданған. Руна жазуы (Орхон – Енисей жазба ескерткіштері), мани жазуы (Турпан қазба жұмыстары барысында табылған мәтіндер), соғды жазуы (соғды әліпбиімен жазылған түркі тіліндегі жазба ескерткіштер), ұйғыр жазуы (Сібір-Енисей аймағы, солтүстік Моңғолия, солтүстік-шығыс Қазақстан аймағы, Еділ өзені аңғары, т.б. елді мекендерден табылған жазба ескерткіштер), брахми жазуы (негізінен буддизм, медицина, күнтізбе тақырыптарында жазылған жүзге тарта мәтін Берлинде сақтаулы тұр), тибет жазуы (тибет әліпбиімен жазылған мәтіндер), сирия жазуы (Жетісу аймағы Шу өзені бойы мен Бішкек жеріндегі оңғұт түркілеріне тиесілі құлыптастардағы (XIII ғасыр) мәтіндер жазылған), иврит жазуы (хазарлардың тікелей ұрпағы болып табылатын қарайымдарға (қарайлар) тиесілі жазба ескерткіштер), грек жазуы (Анадолы жеріндегі христиан дінінің ортодокс тармағын ұстанатын қараман түркілері қолданған) сияқты жазу түрлерін қолданғандығын білеміз. Мақалада көне түркілер пайдаланған жазуларға жеке жеке тоқталып, жан-жақты ақпарат берілді. Бұл жазулардың дені негізінен VII ғасыр мен XI-XII ғасырлар аралығында қолданылса, кейбіреулері ішінара (ұйғыр, сирия, иврит жазулары) XVIII ғасырға дейін қолданыста болғаны белгілі. Мақалада берілген барлық деректерді жазу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін салыстыра қарастыру әдісі қолданылды. Мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы қазақ тілі тарихын, көне түркі тілдері тарихын, жалпы түркі тілдері тарихын, әлем тілдері мен жазуларын зерттеу үшін аса құнды. Сонымен қатар, мақаланы жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттарында «Қазақ тілі тарихы», «Көне түркі тілдері тарихы», «Түркі тілдері тарихы», «Әлем тілдері тарихы» пәндерінен көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: көне түркілер, көне түркі тілдері, жазу түрлері, көне жазба ескерткіштер, түркі өркениеті.

Sh.D. Burkitbayeva

Istanbul University, Turkey, Istanbul
e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru**Writings used by the ancient turks and the history of their origin**

The article describes the writings of ancient Turks and their origin history. Data are given based on the works of foreign and domestic scientists. Historical relics of ancient Turks prove that Turks used several alphabets before Islam. Article purpose is glorifying high civilization of ancient Turks and propagating it to the next generation. Writing and drawing developed at a high level in the vast great steppe of Turks. They accepted several religions and used different scripts before Islam. Runic script (Orkhon-Yenisei written monuments), Mani script (Turpan excavation texts), Sogdian script (written monuments in the Sogdian alphabet), Uyghur script (Siberia-Yenisei, northern Mongolia, northeastern Kazakhstan, written monuments from the Volga River valley settlements, etc.), Brahmi script (about a hundred texts written mainly on Buddhism, medicine, calendar topics preserved in Berlin), Tibetan script (texts in the Tibetan alphabet), Syriac script (Zhetisu Shu River texts written in the castles belonging to the Yungut Turks in Bishkek (13th century), Hebrew script (written monuments belonging to the Karaims (Karays), who are the direct descendants of the Khazars), Greek script (used by Karaman Turks who follow the orthodox branch of Christianity in Anatolia). Most of these scripts were used between the 7th and 11th-12th cen-

turies, while some of them (Uighur, Syriac, Hebrew scripts) were used until the 18th century. Comparison method of the scientific works of foreign and domestic scientists was used. The presentation of scientific analyzes with concrete conclusions is emphasized. The scientific and practical importance of the article is valuable for studying the Kazakh language history, the history of ancient Turkic languages, world languages and scripts. The article can be used as a teaching aid in the subjects " Kazakh Language History ", "History of Ancient Turkic Languages", "History of Turkic Languages", "History of World Languages" in higher educational institutions and scientific research institutes.

Key words: ancient Turks, ancient Turkic languages, types of writing, ancient written monuments, Turkic civilization.

Ш.Д. Буркитбаева

Стамбульский университет, Турция, г. Стамбул
e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

Письменности, использованные древними тюрками, и история их происхождения

В статье описаны письменности, которыми пользовались древние тюрки, и история их происхождения. Приводились данные из анализов и выводов зарубежных и отечественных ученых. Исторические реликвии древних тюрков доказывают, что турки использовали несколько алфавитов до принятия ислама. Цель статьи – прославить высокую цивилизацию древних тюрков и передать ее следующим поколениям. Известно, что письменность возможна только в цивилизованных странах. Из истории известно, что в огромной великой степи, где жили тюрки, письменность и рисование развивались на высоком уровне. До того как ислам пришел на землю тюрков, они принимали несколько религий и использовали разные письменности. Руническая письменность (орхоно-енисейские письменные памятники), манийская письменность (тексты, найденные при Турфанских раскопках), согдийская письменность (письменные памятники написанные согдийским алфавитом), уйгурская письменность (Сибирско-Енисейский регион, северная Монголия, северо-восточная Казахстанская область), памятники письменности, найденные на поселениях долины реки Волги и др.), письменность брахми (в Берлине сохранилось около сотни текстов, написанных преимущественно по буддизму, медицине, календарным темам), тибетская письменность (тексты, написанные тибетским алфавитом), сирийская письменность (район Жетысу, тексты реки Шу были написаны в замках, принадлежавших юнгутским тюркам в Бишкеке (13 век), еврейская письменность (письменные памятники, принадлежащие караимам (караям), являющимся прямыми потомками хазар), греческая письменность (используется турками-караманями, которые следуют ортодоксальной ветви христианства в Анатолии), мы знаем, что оно используется. В статье основное внимание уделяется письменности древних тюрков и дается исчерпывающая информация. Большая часть этих письменностей использовалась в период с VII по XI-XII века, а некоторые из них (уйгурская, сирийская, еврейская письменность) использовались до XVIII века. Также в процессе фиксации всех данных, представленных в статье, использовался метод сравнения научных работ зарубежных и отечественных ученых. Научное и практическое значение статьи очень ценно для изучения истории казахского языка, древнетюркских языков, тюркских языков в целом, мировых языков и письменности. Кроме того, статья может быть использована в качестве учебного пособия по предметам «История казахского языка», «История древнетюркских языков», «История мировых языков» в высших учебных заведениях и научных исследованиях.

Ключевые слова: древние тюрки, древнетюркские языки, виды письменности, древние письменные памятники, тюркская цивилизация.

Кіріспе

Көне түркілер тарихына зер салсақ ата-бабаларымыздың бірнеше жазу түрлерін қолданып, әр түрлі діни наным-сенімді қабылдағанына куә боламыз. Түркілер руна жазуын, мани, соғды, ұйғыр, брахми, тибет, сирия, иврит, грек, араб әліпбилерін қолданған.

Түркілер жоғарыда аталған бірнеше жазу түрлерін ұлы далаға ислам діні келмей тұрып

қолданған. Руна (Орхон – Енисей жазба ескерткіштері), мани (мани әліпбиімен жазылған мәтіндер көп емес. Тұрпан қазба жұмыстары барысында табылған әр беті бес жолдан тұратын жиырма бес беттік «Мани үшін Ұлы Тәңірі» атты қолжазба мен жиырма төрт жолдан тұратын бір беттік «Тозақты суреттеу» атты мәтін және тағы бір-екі беттік тәңірі туралы мәтіндер бар), соғды (соғды әліпбиімен жазылған түркі тіліндегі жазба ескерткіштердің бір бөлігін алғаш рет

1919 жылы Ле Гок жарияласа, кейіннен 1976 жылы Гавен жарыққа шығарды), ұйғыр (ұйғыр әліпбиі өте кең қолданылған. Сібір-Енисей аймағы, солтүстік Моңғолиядағы «Қызыл құм» жазба ескерткіші, солтүстік-шығыс Қазақстан аймағы, Еділ өзені аңғары, т.б. елді мекендерден табылған жазба ескерткіштер ұйғыр әліпбиімен жазылған), брахми (түркілер брахми әліпбиін де аз қолданған. Брахми әліпбиімен, негізінен буддизм, медицина, күнтізбе тақырыптарында жазылған жүзге тарта мәтін Берлинде сақтаулы тұр), тибет (тибет әліпбиімен жазылған нұсқалардың ең көлемдісі 44 жолдан тұратын қолжазба «Пеллиот тибетіан 1292» номерімен Парижде сақтаулы тұр), сирия (сирия әліпбиі де түркілер арасында кең қолданылмаған. Бұл әліпбиімен Жетісу аймағы Шу өзені бойы мен Бішкек жеріндегі оңғұт түркілеріне тиесілі құлыптастардағы (XIII ғасыр) мәтіндер жазылған), иврит (иврит әліпбиімен жазылған жазба ескерткіштер хазарлардың тікелей ұрпағы болып табылатын қарайымдарға (қарай) тиесілі. Бұл жазумен жазылған ең ескі мәтін «Табарих-и Ал-и Осман». Ол Оксфорд Бодлайн кітапханасында иврит әліпбиімен жазылған қолжазбалар арасында сақтаулы), грек (бұл әліпбиді Анадолы жеріндегі христиан дінінің ортодокс тармағын ұстанатын қарамаң түркілері қолданған. Грек әліпбиімен жазылған ең ескі мәтін XVI ғасырдың туындысы «Христиан куәлігі» атты еңбек) сияқты жазу түрлерін қолданғандығын білеміз. Бұлардың ішінде руна жазуын түркі халықтары өздерінің төл жазуы деп қабылдайды. Әрине, бұл жазу төңірегінде әлем ғалымдары арасында әр түрлі пікірлер бар. Руна жазуынан кейін қолданған әліпбиілері қабылдаған діндеріне қарай өзгеріп отырған. Мәселен, мани дініне кірген түркілер мани әліпбиін кіргізген, брахми дінін ұстанған түркілер соғды әліпбиін қолданған, христиан дініне кіргендер сирия, иврит жазуын, ислам дінін ұстанғандар араб жазуын, т.б. пайдаланған.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында ғалым А.Б. Эржиласуннің «Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi» (Бастауынан жиырмамыншы жүз жылға дейінгі түркі тілі тарихы), Петер Т. Даниелс, Брайт Виллямның “The Worlds Writing Systems” (Әлем тілдерінің жазу системасы), Х. Шириннің «Başlangıcından Günümüze Türk Yazı Sistemleri» (Бастауынан бүгінге дейінгі түркі

жазу системасы), және М. Өлмездің «Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri» (Көктүрікше және көне ұйғыр дәрістері) еңбектері пайдаланылды. Мақала жоғарыда аталған әдебиеттерді негізге ала отырып, ғалымдардың пайымдауларын салыстыра қарастырып, дайындалды. Қазақ ғылымында түркі тілдері тарихын, қазақ тілі тарихын зерттеу ісі кенжелеп қалған ғылымдар қатарына жатады. Сондықтанда, түркі жазуының тарихын зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Әдебиеттерге шолу

Көне түркі жазуы яғни руна жазуы деп аталып жүрген Орхон жазба ескерткіштері жазуы мен оның ерекшеліктері төңірегінде В. Радлов, В. Томсеннен бастап көптеген ғалымдар тарапынан кең ауқымда ғылыми зерттеу еңбектер жарияланды. Кеңес үкіметінде түркі жазуын зерттеп еңбек жазған ғалым К.М. Мусаевтің 1965 жылы «Альфавиты языков народов СССР» атты еңбегі Москва қаласында, 1993 жылы «Языки и письменности народов Евразии» атты кітабы Алматы қаласында жарық көрді. Түркі жазуларын алғаш зерттеген шетелдік ғалымдардан Эдуард Алворссті атауға болады. Ғалымның 1971 жылы Нью – Йорк, Колумбия университетінде «Nationalities of the Soviet East: Publications and Writing Systems» атты еңбегі жарық көрді. Түркі жазулары туралы кейінгі кездері жазылған құнды еңбек Ингеборг Балдауфтың «Schriftreform und Schriftwescsel bei den Muslimischen Russland-und Sowjettürken (1850-1937): Ein Symptom Ideengeschichtlicher Entwicklungen» атты кітабы. 1993 жылы Будапеш қаласында жарық көрген. Еңбекте Кеңес үкіметі құрамындағы түркі халықтарының жазулары ғана баяндалады. Түркияда алғаш рет түркі жазулары туралы жүйелі зерттеу мақала жазған ғалым Мухаррем Эргин болды. Ғалымның зерттеу мақаласы 1992 жылы Анкара қаласында ТДЭК-тің 2-том, 2-баспасының 259-289 беттерінде жарияланды. Қазақ ғылымында Ғ. Айдаров, А. Аманжолов т.б ғалымдар жан-жақты зерттеді. Ал, әлем ғалымдары «көне ұйғыр жазуы» деп атаған үшінші түркі қағандығының жазуы болып табылатын мани, соғды, ұйғыр, брахми, тибет, т.б. жазуларды П. Зиэм, Сэр Герард Клоусн, А. Вон Габэн, Хамилтон, А. Дилачар, А. Рона-Тас, К. Рөхрборн, Марсел Эрдал, т.б. ғалымдар зерттеді. Көне түркі жазуы дәуірінің бұл кезеңін қазақ ғылымында Ғ. Айдаров, А. Аманжолов, Ә. Қайдар, т.б. түрколог ғалымдар зерттеген.

Нәтижелер мен талқылау

Руна жазуы (тасқа қашалған жазу).

Түркілер қолданған алғашқы жазу - руна жазуы. Бұл тұңғыш жазу төңірегінде де әр түрлі болжамдар мен пікірлер бар. Ғалымдардың да қағидалары әр алуан. Көне скандинав жазба ескерткіштерінде қолданылған руна жазуларына ұқсағаны үшін Еуропа мен орыс түркологтары «Сібір руна жазуы», «Енисей руна жазуы», «Руна әліпбиі», «Түркі руна жазуы» деп атаған. Ал, көне түркі тілдерін зерттеген әлем ғалымдары «Көктүрік әліпбиі» (Түркия ғылымында кең қолданылатын термин), «Орхон жазуы», «Түркі жазуы», «Көктүрікше шеге жазуы» (А. Вон Гавэн “Eski Türkçenin Yazı Dili” TDAY-B 1959, (Көне түрікшеңің жазу тілі) түрік тіліне аударған Сабит Пайлы, Анкара 1998 жыл, 317-бет) терминдерін қолданған. «Көктүрік жазуы» деп те атайды. «Көктүрік» атауын 1896 жылы неміс түркологтары ұсынған. Бұған себеп, «көктүрік» сөзінің Күлтегін ескерткіш тасындағы жазудың шығыс бетіндегі үшінші және төртінші жолдарында «көктүрік» сөзінің кездесуі. Тарихшы - ғалым А. Ташағыл ел атауының «Көктүрік» емес «Түрік қағандығы» деп аталғанын алға тартады. Ғалым бұл елдің негізгі атауы «түрік» болған. Қытай, Византия, Ислам, Тибет деректерінде «түрік» атауымен жазылған, деп тұжырымдайды. Белгілі түрколог – ғалым Дж. Клоусон VI ғасырда Естеміш қағанның бұйрығымен соғды жазуы негізінде жасалған болуы керек деген болжам айтады (Clouston, 1970: 66). Ал, қазақ ғалымы А. Аманжолов бұл жазу ата-бабаларымыздың ұзақ жылдар бойы қолданған төл жазуы деп нақтылайды (Аманжолов, 2019:50). Кейбір ғалымдардың (Н.А. Аристов, И.А. Батманов, А.Ж. Емре, А. Жафороғлу) ойлары да А.Аманжоловпен бір арнада тоғысады. Олар да руникалық жазудың түркі таңбалары негізінде қалыптасқан түріктердің төл жазуы екендігін алға тартады.

Көне түркі жазуымен жазылған алғашқы жазу VII ғасырдың соңында жазылғаны белгілі. Дегенмен, ғалымдар бұл әліпби бұдан әлдеқайда әріректе қолданыла бастаған деген пікірде. Қытай деректерін зерттеумен айналысқан ғалым Отто Доннер б.э.б. түркі тайпалары арасында Тарым өзенінің аңғарында бір әліпбидің қолданылғанын, Тәңірі тауларының оңтүстігі мен солтүстігінде өмір сүретін ұйғырлардың қытай жазуын оқып, жазуымен қатар өз тілдерінде де, яғни, түрік тілінде сөйлеп пергаменттің үстіне

жазғандарын айтады (Emre, 1938: 13). 687-692 жылдарда жазылған 6 жолдан тұратын Чойыр жазба ескерткіші – әзірге қолымызда бар ең ескі мәтін болып саналады. Тарихшылар, археологтар мен географтардың қолдарындағы деректерге сүйенсек (Васильев, 1983:1; Doğan, 2000:1), көне түріктер қолданған бұл жазу тек қана Байкал көлі мен Алтай тауларының арасында, Енисей өзенінің аңғарларында ғана емес, Азияның батыс бөлігіндегі Талас өзені бойында, Солтүстік Кавказда, тіпті Еуропада да қолданылғанын байқаймыз. 1799 жылы Венгрияның Торонтал аймағының Ароника өзенінің бойындағы бір ауылдағы Наги-Сзент-Миклос қазынасынан (Атилланың қазынасы деп те аталады) шығарылған тостағандардағы ойма жазулар, Қарпат аңғарынан табылған сәндік бұйымдардағы, күміс тостағандар мен құлпытастардағы, т.б. жазулар көне түркілер қолданған жазудың Шығыс Еуропаға дейін жеткенін дәлелдейді (Marcel, 1988: 221-234). Түркілердің жазуы орталық Еуропаның батысынан Тынық мұхитқа, орталық Ауғанстаннан Солтүстік Сібірге дейінгі ұлан-ғайыр жерде қолданылған. Қолданыста болған уақыты VII ғасырмен XI ғасырдың аралығын қамтиды. Бұл жазу Ұйғыр қағандығы (745-840) мен Қырғыз қағандығы (840-920) тұсында да қолданылған. Түркілердің жазуы негізінен ойма жазу түріне жатады. Өйткені, тастарға, жартастарға, ыдыс-аяққа, сәндік бұйымдарға, ақшаға, бағалы металдарға, соғыс құралдарына қашалып, ойып жазылған жазба ескерткіштердің саны көп. Сонымен қатар, бояу техникасын қолданып қылқаламмен қағаз бетіне жазылған 50-ге тарта жазба ескерткіш те бар (Кызласов, 1994:1). Көне түркілер қолданған бұл жазудың қолдалыну аясы өте кең болған. Түрік ғалымы Осман Фикри Серткая да түркілерде оқу, жазудың жоғары деңгейде болғандығын алға тартады. «Түркілер кең байтақдалада оқу, білімді өркендетті. Өйткені, жазу өнері тек қана үлкен тастарда емес, ақша, тостаған, табақ, ыдыс, сырға, сақина, білезік, қылыш, пышақтың қынабында, белбеуде, аттың үзеңгісінде, күнделікті тұтынатын барлық құрал-жабдықтың үстіне жазылып, қолданылғанына қарағанда түркі халқы бұл жазуды оңай оқып, жаза білген» (Sertkaya, 2001: 23-37). Көрнекі түрколог-ғалым Г. Клоусон «Йоллығ тегин және басқа да бітікшілердің (жазушылардың) оқып, жаза алуына қарағанда, түркілерде мектеп болған және ол мектепте күнделікті өмірде қолданылатын жазудан бөлек жазу түрі, яғни қағандарға арнап жазылған ескерткіштерде қолданылатын көркем

жазу техникасы үйретілген деген пікірді ұстанған (Clauson, 1970: 61).

Еуропада орта ғасырдың өзінде жазуды тек дін адамдары мен үкімет адамдары ғана қолданғаны белгілі. Қара халық жазу-сызудан бейхабар болған. Ал, түркілерде жоғары тап өкілдерінің халқына қарата тасқа ойып жазған үндеулері – жазба ескерткіштерге (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, т.б.) қарап барлық түркі халқы жазып, оқып-түсіне алған деген пікірдеміз. Жоғарыда келтірілген түрколог-ғалымдардың да пікіріне қосыла отырып, көне түркілер, ханы бар, қарасы бар барлығы жазуды білген деген қорытындыға келеміз.

Мани жазуы. Көне түркілер қолданған жазудың бірі – мани жазуы. Ғалымдардың пайымдауынша мани жазуы түркілерге IV ғасырда, ал қытайларға VI ғасырдың соңында келген. Мани жазуы арамей негізді сирия жазуының эстранджело тармағынан шыққан. 745 жылы қазіргі Моңғолия жерінде, түркілердің атажұртында тағы бір түрік қағандығы құрылады. Бұл қағандық бүгін «Ұйғыр қағандығы» атымен белгілі. Бұл қағандықтың негізін қалаған, орхон жазба ескерткіштерінде «тоғыз оғыз», «он ұйғыр» атауларымен берілген түркі тайпаларын қағандық халіне жеткізген Құтлық Білге Көл Қағанның немересі Бүгү Қаған. Бүгү Қағанның мани дінін қабылдауы және оны қол астындағы халқына қабылдатуы түркілердің мани жазуын қолдануына жол ашты. Мани жазуымен жазылған жазба ескерткіштер Шығыс Түркістанның Тұрпан, Дунхуаң аймақтарынан табылған. Дегенмен, ғалымдар бұл жазбаларды түркілер өз атажұрттарында, яғни, қазіргі Моңғолия жерінде 762-840 жылдар аралығында жазып, кейін Шығыс Түркістанға әкелген деген болжам айтады (Şirin, 2015: 41). Мани жазуымен

мани діні туралы дұғалар, аяттар, діни кітаптар, тәуба дұғалары, оқиғалар, классикалық үлгідегі мәтіндер жазылған. Мани жазуымен жазылған мәтіндер негізінен қолмен жазылған. Миниатюра түрімен әсем безендірілген. Бұл жазумен жазылған ескерткіштерді алғаш түрколог – ғалым А вон Ле Ког зерттеген. Кейін Банг пен А. Вон Гавэн ортақтаса зерттеп, жариялады. Мани жазуымен жазылған мәтіндер саны көп емес. Әр бетінде бес жол жазылған, жиырма бес парақтан тұратын «Мани үшін Ұлы Тәңірі» атты өлеңдер жинағы, бір параққа жиырма төрт жол жазылған «Тозақты суреттеу» және тағы бір тақырыбы жоқ екі парақтан тұратын дұғалар көне түркі тілінің мани жазуымен жазылған мұраларына жатады. Сонымен қатар, Хочо мен Дуаңхуаңнан табылған 20-дан аса нұсқасы бар «Хуастуанифт» атты күнәдан арылу және тәубеге келу дұғасы да ұйғыр және мани жазуларымен аралас жазылған. Жалпы, Тұрпаннан табылған жазба ескерткіштер мани дінін ұстанған көне ұйғырлардың мани жазуымен бірге ұйғыр, брахми, тибет, сирия жазуларын да қатар қолданғанын көрсетеді. Мәселен, мани наным-сенімі негізінде жазылған аударма еңбек «Бірк бітіг» атты бал ашу кітабы көне түркі жазуымен (руна) жазылған, авторы ретінде көрсетілген Апрынчур Тегин деген кісінің мани дініне негізделген «Мадақтау» және «Өлең және өлім сипаты» атты еңбектері және Бүгү Қағанның мани дін өкілдерімен әңгімелесуі, мани дінін қабылдауы туралы мәтіндері ұйғыр жазуымен жазылған. Жалпы, түркілер мани жазуын өте қысқа уақыт (VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырдың ортасына дейін) қолданған. Дегенмен, мани жазуы түркілердің діни наным-сенімі әсерінен қабылдаған алғашқы жазулары ретінде тарихта қалды.

ses karı	müstakil	başta	ortada	sonda
a	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆	𐰇
b	𐰃 𐰄	𐰃	𐰄	𐰃
β	𐰅	𐰅	𐰅	𐰅
g	𐰁 𐰂	𐰁	𐰂	𐰁
ğ	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆	𐰇
d	𐰈 𐰉	𐰈	𐰉	𐰈
h	𐰊	𐰊	𐰊	𐰊
v	𐰋	𐰋	𐰋	𐰋
w	𐰌	𐰌	𐰌	𐰌
z	𐰍	𐰍	𐰍	𐰍
j	𐰎	𐰎	𐰎	𐰎
h	𐰏	𐰏	𐰏	𐰏
t	𐰐 𐰑	𐰐	𐰑	𐰐
y	𐰒 𐰓	𐰒	𐰓	𐰒
k	𐰔	𐰔	𐰔	𐰔

b	𐰃	𐰄	𐰅	𐰆
β	𐰇	𐰈	𐰉	𐰊
g	𐰋	𐰌	𐰍	𐰎
ğ	𐰏	𐰐	𐰑	𐰒
m	𐰓	𐰔	𐰕	𐰖
n	𐰗	𐰘	𐰙	𐰚
h	𐰛	𐰜	𐰝	𐰞
v	𐰟	𐰠	𐰡	𐰢
p	𐰣	𐰤	𐰥	𐰦
f	𐰧	𐰨	𐰩	𐰪
c	𐰫	𐰬	𐰭	𐰮
cy	𐰯	𐰰	𐰱	𐰲
cn	𐰳	𐰴	𐰵	𐰶
k	𐰷	𐰸	𐰹	𐰺
k	𐰻	𐰼	𐰽	𐰾
r	𐰿	𐱀	𐱁	𐱂
s	𐱃	𐱄	𐱅	𐱆
t	𐱇	𐱈	𐱉	𐱊

1-сурет – Мани жазуы (Şirin, 2015:43-44).

Соғды жазуы. Бүгү Қағанның мани дінін қабылдауы осы діннің өкілдері саналатын соғдылардың түркі мемлекетінің басқару істеріне араласуына жол ашып берді. Бесінші түркі қағаны Мұханның құлпытасы деп саналатын Бүгүт жазба ескерткішінің (572-580) үш бетінің де соғды тілінде жазылуы парсы тайпаларының бірі болып табылатын соғдылардың түркілермен осылай етене араласуының нәтижесі десек болады. IX ғасырда саяси ықпалы күшейе түскен мани дініндегі соғдылар көне түркілермен I және II Түркі Қағанаттары дәуірінен бері бірге өмір сүріп, ел басындағыларға сауда мен экономикада қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан халық. Алғаш қағаз пайда болғаннан бері қолданылып келе жатқан соғды әліпбиі 500-ші жылдары пайда болған (Henning, 1947:602). Түркілер тарапынан VIII-XI ғасырлар аралығында пайдаланылғаны айтылғанымен кең көлемде қолданысқа енген жазу емес. Мұның басты себебі, соғды әліпбиін түркі тілінің дыбыс үндестігіне сәйкестендірудің мүмкін болмауында деп пайымдаймыз. Жалпы соғды жазуы түркілер арасына VIII ғасырда кіргенімен қысқа уақыттың ішінде түріктеніп ұйғыр жазуы деп аталады. Түркілердің төл тілдерінің дыбыс үндестігіне кереғар болғанына қарамастан соғды жазуын мүмкіндігінше өздеріне ыңғайлап

қолдануының басты себебі сауда мәселесі болған. Мемлекеттері болмаса да өз жазулары бар сауда-саттыққа бейім соғдылар сол дәуірдің экономикасында маңызды рол ойнаған. Ұйғыр дәуірінде бұл жазумен жазылған алғашқы ескерткіш «Қарабалғасун» жазба ескерткіші. Жазылған уақыты нақты белгілі болмағанымен ғалымдар IX ғасырда жазылған деп топшылайды. Ұйғыр тілінде жазылған беті руна жазуымен, келесі беттері қытай және соғды тілдерінде үш тілде жазылған түркілерден қалған ескерткіш. Бұл ескерткіште қолданылған соғды жазуы түркі тіліндегі емес, соғды тілінде жазылған бетінде қолданылған. Оңтүстік Гобидің Севрей Тауы етегінен табылған VIII ғасырда жазылған деп есептелетін Севрей жазба ескерткішінің бір беті соғды жазуымен соғды тілінде, екінші беті руна жазуымен көне түркі тілінде жазылған. Бұл жазба ескерткіш тас Бүгү Қағанның Қытай сапарынан төрт мани дінбасыларымен бірге еліне қайтып келе жатқан жолдарының бойына Севрей тауының бір өткеліне орнатылған. 22 таңбадан тұратын соғды жазуы оңнан солға қарай жазылады. Соғзы жазуындағы дауыссыз дыбыстар жүйесі түркілердің тілдері үшін қолдануға мүлде ыңғайсыз болған. Сондықтан да, қысқа уақыт ішінде қолданыстан шығып қалған. Дегенмен, соғды әліпбиі түркілер үшін ұйғыр жазуының негізін қалаған жазу ретінде тарихи тұрғыдан аса құнды жазу.

sesler	başta	ortada	sonda
a, e	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆
i, i	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆
o, ö, u, ü	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆
k, b, g	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆
k, g	𐰇	𐰆	𐰆
y, i, i	𐰇	𐰆	𐰆
r	𐰇	𐰆	𐰆
l	𐰇	𐰆	𐰆
t	𐰇	𐰆	𐰆
d	𐰇	𐰆	𐰆
ç	𐰇	𐰆	𐰆
s	𐰇	𐰆	𐰆
ş	𐰇	𐰆	𐰆
n	𐰇	𐰆	𐰆
b, p	𐰇 𐰆	𐰇	𐰆
v	𐰇	𐰆	𐰆
w	𐰇	𐰆	𐰆
m	𐰇	𐰆	𐰆
h	𐰇	𐰆	𐰆

2-сурет – Соғды жазуы (Şirin, 2015:47-49).

Ұйғыр жазуы. 734 жылы Білге қағанның өз уәзірлерінің қолынан уланып өлуі, ел ішінде бүлік тудырды. Тайпалардың әрқайсысы өз алдына жеке мемлекет құруға ұмтылды. Ел ішінде қарама-қайшылықтар үдеген қысыл-таяң тұста Құтлук Білге Құлдың қаған (иди-құт) болып сайлануы, ашиналардың орнын ұйғыр әулетінің басуы Өтіккен жерінде Ұйғыр қағандығының құрылуына әкеледі. 840 жылы Өтіккенде Ұйғыр мемлекетінің астанасы Қарабалғасунды (Ордубалық) туысқан түркі тайпаларының бірі болып табылатын қырғыздар басып алып қағандарын өлтіреді. Осылайша ұйғыр мемлекеті құлайды. Ұйғыр мемлекеті құрылған алғашқы жылдарда тұрғызылған руна жазуымен жазылған Тарйат (753), Шине Усу (759-760) жазба ескерткіштерінде көне түркі қағандығының құлап, ұйғыр мемлекетінің құрылғаны туралы жазылған.

Ұйғыр жазуы VIII-XVIII ғасырлар аралығында Сібір – Енисей аймағы, Солтүстік Моңғолия, Түркістан өңірі түгелдей, Еділ өзені аңғары, Кавказ, Әзербайжан мен Грузия арасындағы шекаралық аймақтарда, Османлы территориясында қолданылған. Өтіккенде өмір сүріп жатқан ұйғырлар екі жазуды қатар қолданған. Руна жазуымен жазылған тас жазба ескерткіштер орнатып, бір жағынан соғдылармен сауда-саттық қарым-қатынас жасап, олардың наным-сенімдері болып табылатын будизм, мани діндерін де қабылдаған. Ұйғырлар саудаға, қала өміріне, отырықшы өмірге бірінші және екінші түркі қағанатында өмір сүрген түркілерге қарағанда бейім болғандықтан Орта Азияда өмір сүрген саудагер тайпа соғдылармен етене араласқан. Осындай жақын қарым-қатынас ұйғырларға олардың соғды жазуын үйреніп,

сол әліпбидің негізінде өздерінің ұйғыр жазуын жасауына мүмкіндік берген. Ұйғыр жазуының алғаш қолданылған уақыты белгісіз. Көне ұйғыр тілін жан-жақты зерттеген ғалым А. Вон Габэннің пайымдауы бойынша ұйғыр жазуымен жазылған алғашқы мәтіндер 840 жылдан бұрын Хочоға келген түркі тайпалары тарапынан 750-827 жылдар аралығында жазылған. Ал, белгілі түрколог-ғалым Дж. Клоусон ұйғыр жазуы VIII ғасырдан бұрын жасалған деген пікірде болған. Түрік ғалымы Х. Ширин А. Вон Габэннің пікірі Тарым аймағына орналасқан түркілер қолданған ұйғыр жазуына қатысты айтылған, өйткені бұл жерлерге ұйғырлар 840-тан кейін келгенін ескерсек, олардан бұрын Бесбалыққа келген басмылдар мен Сырдария мен Баласағұнға келген түргештер ұйғыр жазуын алғаш қолданған тайпалар болып табылады деп тұжырымдайды (Şirin, 2015:50-51).

Ұйғыр жазуы 924 жылы Хитай үкіметінің, 1245-46 жылдары өз тілдерінің ерекшеліктеріне икемделген түрінде Моңғол үкіметінің ресми жазуы болып қабылданған. Сондай-ақ, 1599 жылы Манчжур, 1648 жылы Қалмақ, 20-ғасырда Бурят әліпбилерін жасаған діни адамдар ұйғыр жазуы негізінде әрқайсысы өздеріне ыңғайлап жүйеге түсіріп, пайдаланған. Шыңғысхан ұрпақтары билеген дәуірде XV ғасырдың соңына дейін араб әліпбиіне қарағанда ұйғыр жазуы кең қолданыста болған. Ұйғыр жазуы Османлы сарайында да қолданылған. Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласындағы Топкапы сарайының архивтері мен Сулеймания кітапханасындағы ұйғыр жазуымен жазылған құжаттар мен ресми хаттар соның айғағы. Османлы падишахтары ұйғыр жазуын қасиетті мұрамыз деп қабылдап ұйғыр бақсыларынан арнайы үйренген.

sesler	başta	ortada	sonda
a, e	𐰇 𐰇	𐰇 𐰇	𐰇 𐰇 𐰇
ı, i	𐰇	𐰇 𐰇	𐰇 𐰇
o, ö, u, ü	𐰇 𐰇 𐰇	𐰇	𐰇
k, ğ, g	𐰇 𐰇 𐰇	𐰇 𐰇 𐰇	𐰇 𐰇 𐰇
y, ı, i	𐰇 𐰇	𐰇 𐰇	𐰇 𐰇
r	𐰇	𐰇 𐰇	𐰇
l	𐰇	𐰇	𐰇
t	𐰇	𐰇	𐰇
d	𐰇	𐰇	𐰇
ç	𐰇	𐰇	𐰇
s	𐰇	𐰇	𐰇
z, j	𐰇 𐰇 𐰇	𐰇 𐰇 𐰇	𐰇 𐰇 𐰇
n	𐰇	𐰇	𐰇
b, p	𐰇	𐰇	𐰇
v	𐰇 𐰇	𐰇 𐰇	𐰇
w	𐰇	𐰇	𐰇
m	𐰇	𐰇	𐰇
h	𐰇	𐰇	𐰇

3-сурет – Ұйғыр жазуы (Şirin, 2015:58-59).

Брахми жазуы. Үндістанның негізгі екі жазу үлгісінің бірі брахми жазуының шығу тарихы туралы көзқарастар екі түрлі. Біреуі брахми жазуы Үндістанда пайда болды десе, екіншісі басқа елден келген деген пікірде. Үнді наным-сенімі бойынша бұл жазуды Брахми жасаған деген түсінік қалыптасқандықтан III – IV ғасырлардан бері *брахми* жазуы деп аталады. Брахми жазуы жартылай әліпби жартылай буын жазуы болып табылады. Ұйғырлар брахми жазуының төл әріптері болып келетін негізгі 28 буын таңбасына 7 таңба қосып, тағы да бұған қосымша буын соңындағы к, п, м, р, л, с, ш, з дауыссыз дыбыстары үшін 8 бөлек таңба жасаған. Сондай-ақ, к, р әріптерінен қ, ғ, г әріптерін шығарған. Брахми жазуымен жазылған 79 мәтінмен жұмыс

істеген ғалым Д. Мауэ оларды санскрит және түркі тілінде, брахми жазуымен түркі тілінде, брахми дыбысталуымен ұйғыр әрпінде, брахми сөзімен ұйғыр әрпіндегі мәтіндер деп төртке бөледі. Брахми буын жазуын будизм наным-сенімін қабылдаған түркілер Үнді будизміне тиесілі кітаптарды түркі тіліне аудару үшін пайдаланған. Дегенмен брахми жазуы қолдануға өте қолайсыз болғандықтан будда дініндегі ұйғыр түркілерінің өзі бұл жазуға үйренісе алмай, кейін мүлде қолданыстан шығып қалады.

Түркілерге будда дінімен бірге келген брахми жазуы будда діні әлсіреген кезде қолданыстан шығып қалады. Түркілер XI ғасырға дейін қолданды деп айтылатын бұл жазумен жазылған жүзге тарта мәтін Берлинде сақталып тұр.

үнлүлер	harf karşılıkları
a	𑀀
ā	𑀁
e (aya)	𑀂

ünsüz heceleri	harf karşılıkları
i, i	𑀃
u	𑀄
ū	𑀅
ü (uyu)	𑀆
é	𑀇
ē (eya)	𑀈
ai	𑀉
o	𑀊
ö (oya)	𑀋
ō (oyo)	𑀌
ünsüz heceleri	harf karşılıkları
ka	𑀍
kha	𑀎
ga	𑀏
gha	𑀐
ña	𑀑
ñā	𑀒
ṇa	𑀓
na	𑀔
ma	𑀕
ta	𑀖
tha	𑀗
da	𑀘
dha	𑀙
pa	𑀚
pha	𑀛
ba	𑀜
bha	𑀝
ya	𑀞
ra	𑀟
la	𑀠
va	𑀡

ünsüz heceleri	harf karşılıkları
śa	𑀢
ṣa	𑀣
sa	𑀤
ha	𑀥
söz sonu ünsüzleri	harf karşılıkları
-k	𑀦
-p	𑀧
-m	𑀨
-r	𑀩
-l	𑀪
-ś	𑀫
-ṣ	𑀬
-s	𑀭
heceler	yeni işaretler
ka	𑀮
ga	𑀯
ba	𑀰
za	𑀱
ś	𑀲
wa	𑀳
dza	𑀴

4-сурет – Брахми жазуы (Şirin, 2015:61-63).

Тибет жазуы. 779 жылы будизмді үкімет діні деп жариялаған тибеттер VII ғасырда Азияда өз мемлекеттерін құрған. Олар негізінен үнділердің наным-сенімдерін қолданған. Тибеттер Буддизмнің түркілер арасына таралуына үнді миссионерлермен бірдей қызмет еткен. Тибет жазуы да брахми жазуы сияқты жартылай буын, жартылай таңба болған. Үнсіз дыбыстардан кейін міндетті түрде а дыбысы қолданылған. Ғалым П. Пеллиот Дунхуанның батысындағы «Мың Будда» үңгірлерін зерттеп, Азияның өлі тілдері мен қытай тілінің маманы болғандығының арқасында ең құнды қолжазбаларды сұрыптап олардың ішінен он бес мыңдайын Париждің ұлттық кітапханасына жіберген. Бірақ бұл қолжазбалардың ішінде тибет жазуымен жазылған түркі тіліндегі мәтіндер саусақпен санарлықтай.

Бұлардың ішінен 41 жолдан тұратын ұйғыр тілінде тибет жазуымен жазылған будда дінін насихаттайтын мәтінді П. Пеллиоттің өзі ғылым әлеміне таныстырды. Жалпы тибет жазуы салтанат құрған дәуірдің өзінде де, бұл жазуға қарағанда, соғды әліпбиі негізінде жасалып, түркі тілі ерекшеліктеріне қарай жетілдірілген ұйғыр жазуы өте кең қолданыста болған. Тибет жазуын тек қана тибеттік миссионерлер мен будда дінін ұстанатын тибет мәдениетіне, әдебиетіне қызығушылығы жоғары түркілер ғана аз уақыт пайдаланған. Қорыта айтсақ, будда әліпбиі сияқты буын жазуы болып саналатын тибет жазуын бірді-екілі тап өкілдері қолданған. Түркі жазуы тарихында кездескен түркі дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін жазулардың бірі болғандықтан, түркілер тарапынан қолдау таба алмаған.

heceler	işaretler	heceler	işaretler				
ka	ཀ	ca	ཁ	t'a	ཐ	śa	ཤ
k'a	ཁ	c'a	ཁ	da	ད	sa	ས
ga	ག	ja	ཇ	na	ན	ha	ཏ
ña	ང	va	མ	pa	པ	a	ཨ
ça	ཅ	ža	ཉ	p'a	ཕ	u	ཨུ
ç'a	ཆ	za	ཇ	ba	བ	i	ཨི
j'a	ཉ	ya	འ	ma	མ	e	ཨེ
ña	ཀ	ra	ར			o	ཨོ
ta	ཏ	la	ལ				

5-сурет – Тибет жазуы (Şirin, 2015:68-69).

Сирия жазуы. XX ғасырдың басында ағылшын, француз, неміс, орыс т.б. экспедициялық құрам Тұрпан мен Дунхуаннан жүздеген сандық қол жазбаны алып келгені белгілі. Қолжазбалардың шамамен 30 түрлі тілде (оның 17-сі өлген тіл), 24 түрлі әліпбимен жазылғаны ғалымдарды таң қалдырғаны

туралы жазылады. Осы жазулардың бірі сирия жазуы болған. Несториандық христиан дінін қабылдаған ұйғырлар бұл жазуды өте аз қолданған. Сирия жазуымен жазылған түрікше мәтіндер негізінен Шу мен Бішкек аймағынан табылған оңғұт түркілеріне тиесілі құлыптастарға жазылған сөздер. Ғалымдар

моңғол хан тұқымдарының да несториандық христиан дінін қабылдағандарын жазады. Моңғолдардың 1211 жылы Батыс Түркістанның Жетісу аймағын иемденгені белгілі. Бұл жерлерге 1885 жылы зерттеу жүргізген орыстар Тәңірі тауларының солтүстігіндегі Алмалық пен Тоқмақтан XIII-XIV ғасырларға тиесілі несториандық христиандардың құлыптастарын тапқан (Джумагулов, 1971:3). Жетісу аймағынан сирия жазуымен жазылған 550 мәтін табылып,

оның көпшілігі сирия тілінде, біраз бөлігі сирия жазуымен түркі тілінде жазылған (Şirin, 2015:74). Тарихта түркілердің христиан дінін өздеріне сіңіре алмағаны белгілі. Христиан діні түркілер арасына сіңе алмағандықтан, бұл дінмен бірге келген сирия жазуы да сіңе алмады. Түркілер мани діні мен христиан дінін де қабылдай алмады. Будда діні ғана XV ғасырға шейін өмір сүрген.

	başta	ortada	sonda
' (alap)	ʼ ʼ	ʼ ʼ	ʼ ʼ
b (bet)	ⱱ ⱱ ⱱ ⱱ	ⱱ ⱱ ⱱ ⱱ	ⱱ ⱱ ⱱ ⱱ
g, ğ (gamel)	Ɑ Ɑ Ɑ Ɑ	Ɑ Ɑ Ɑ Ɑ	Ɑ Ɑ Ɑ Ɑ
d (dalat)	ⱦ ⱦ	ⱦ ⱦ	ⱦ ⱦ
h (het)	Ⱨ Ⱨ	Ⱨ Ⱨ	Ⱨ Ⱨ
v (vav)	ⱨ ⱨ	ⱨ ⱨ	ⱨ ⱨ
z (zayn)	Ⱪ Ⱪ	Ⱪ Ⱪ	Ⱪ Ⱪ
ḥ (het)	ⱪ ⱪ ⱪ ⱪ	ⱪ ⱪ ⱪ ⱪ	ⱪ ⱪ ⱪ ⱪ
ṭ (tet)	ⱬ ⱬ ⱬ ⱬ	ⱬ ⱬ ⱬ ⱬ	ⱬ ⱬ ⱬ ⱬ
y (yud)	Ɑ Ɑ Ɑ Ɑ	Ɑ Ɑ Ɑ Ɑ	Ɑ Ɑ Ɑ Ɑ
k, h (kap)	Ɱ Ɱ Ɱ Ɱ	Ɱ Ɱ Ɱ Ɱ	Ɱ Ɱ Ɱ Ɱ
l (lamad)	Ɐ Ɐ Ɐ Ɐ	Ɐ Ɐ Ɐ Ɐ	Ɐ Ɐ Ɐ Ɐ
m (mim)	Ɒ Ɒ Ɒ Ɒ	Ɒ Ɒ Ɒ Ɒ	Ɒ Ɒ Ɒ Ɒ
n (nun)	ⱱ ⱱ ⱱ ⱱ	ⱱ ⱱ ⱱ ⱱ	ⱱ ⱱ ⱱ ⱱ
s (semkat)	Ⱳ Ⱳ Ⱳ Ⱳ	Ⱳ Ⱳ Ⱳ Ⱳ	Ⱳ Ⱳ Ⱳ Ⱳ
' (e)	ⱳ ⱳ ⱳ ⱳ	ⱳ ⱳ ⱳ ⱳ	ⱳ ⱳ ⱳ ⱳ
p, f (pe)	ⱴ ⱴ ⱴ ⱴ	ⱴ ⱴ ⱴ ⱴ	ⱴ ⱴ ⱴ ⱴ
ṣ (sade)	Ⱶ Ⱶ	Ⱶ Ⱶ	Ⱶ Ⱶ
ḳ (kop)	ⱶ ⱶ ⱶ ⱶ	ⱶ ⱶ ⱶ ⱶ	ⱶ ⱶ ⱶ ⱶ
r (riṣ)	ⱷ ⱷ	ⱷ ⱷ	ⱷ ⱷ
ṣ (ṣin)	ⱸ ⱸ ⱸ ⱸ	ⱸ ⱸ ⱸ ⱸ	ⱸ ⱸ ⱸ ⱸ
t (tav)	ⱹ ⱹ	ⱹ ⱹ	ⱹ ⱹ

6-сурет – Сирия жазуы (Şirin, 2015:76-77).

Иврит жазуы. Көне түркі мемлекеттері арасында иудаизм дінін тек Хазар мемлекетінің басшылары қабылдаған. 576 жылы Қара теңізге дейін жаулап, жерін кеңейткен хазарлар Көне түркілер қағандығының батысында, Қара теңіздің солтүстік жазығында орналасқан түркі тайпасы.

630 жылы Көне түркі қағандығы әлсіреп Қытайдың қол астына кірген тұста хазарлар өз алдарына дербес мемлекет құрып Кавказ және Қара теңіздің солтүстік жазығынан Еділ, Кама, Киевке дейінгі жерлерге иелік етеді. Бірнеше тіл мен бірнеше дінді бір мезгілде қолданған Хазар мемлекетінде

руна жазуы да ұзақ уақыт қолданыста болған. Қанша тілді қолданса да хазарлардан қалған бірнеше кісі аттарынан басқа бірде бір жазба ескерткіш жоқ. Ал, иврит жазуымен жазылған мәтін тек хазарлардың немерелері болып келетін қарайым (қарай) түркілерінен қалған. Бұлардың ішіндегі ең көнесі қарайым тілінің ең ескісі батыс Украинадағы халич диалектісіне тиесілі XVI ғасырдан қалған «Тәварих-и Ал-и Осман» атты транскрипция. Мәтін Оксфорд Бодлэйи кітапханасында иврит жазулы мәтіндер арасында сақтаулы тұр. Қырымдағы қарай түркілерінің

XVIII ғасырға тиесілі халық әдебиеті туындысы да иврит жазуымен жазылған. XIX ғасырдың мәтіндері болып саналатын Қырым, Варшава, Будапеш, Ленинград кітапханаларында сақтаулы бұл мәтіндер В. Радлов тарапынан иврит жазуымен жарық көрген. Қазіргі таңда да Литва, Украина, Қырым, Польшада өмір сүріп жатқан христиан қарай түркілері дінге байланысты кітаптарында иврит жазуын қолданады. Жаратқаннан тілек тілеу, дұға оқу, жалбарыну сияқты діни жоралғыларды орындаған кезде де иврит жазуын қолданады.

sesler	harf karşılıkları	sesler	harf karşılıkları
' (alef)	א	l (lamed)	ל
b, v (bet)	ב	m (mem)	מ
g (gimel)	ג	n (nun)	נ
d (dalet)	ד	s (samek)	ס
h (he)	ה	' (ayın)	
v (vav)	ו	p (pe)	פ
z (zayn)	ז	ş (sade)	ש
h (het)	ח	қ (kop)	
t (tet)	ט	r (reş)	

7-сурет – Иврит жазуы (Şirin, 2015: 81).

Қорытынды

Қорыта келе айтарым, көне түркілерден қалған жазба ескерткіштер түркілердің әлем өркениетіне қосқан үлесінің қаншалықты зор екендігінің нақты дәлелі. Өйткені, батыс елдерінде орта ғасырдың өзінде жазуды тек дін адамдары мен үкімет адамдары ғана қолданған, қара халқы жазу-сызудан мақұрым болған. Ал, түркілерден қалған жазба ескерткіштер, көне түркілердегі жоғары тап өкілдерінің халқына қарата тасқа ойып жазған үндеулері, барлық түркі халқы жазуды қолданып, оқып-түсіне

алған, яғни, көне түркілер, ханы бар, қарасы бар барлығы жазу таныған дегенді білдіреді. Мақалада көне түркілер қолданған бірнеше жазу туралы баяндадық. Осы жазулардың ішінде түркілерге ең ыңғайлы, табиғаттарына үйлесімді болған жазу өздерінің төл жазуы деп те аталып жүрген руна жазуы. Бұлай деуіміздің басты себебі, дауысты дыбыстарды көрсететін бес таңбаның болуы. Әрине, ашық дауысты дыбыстардың жазылмауы сияқты кемшіліктерін есептемегенде толыққанды әліпби болды деп айта аламыз. Ал, мани жазуы болса, көне түркілердің наным-сенім жүйесі негізінде

алғаш қабылдаған жазуы ретінде тарихта қалған жазуы болды. Бірақ, түркілерге сіңбеген жазу болды. Түркілерге VIII ғасырда кірген деп саналатын соғды жазуы ұйғыр жазуының негізін қалағандығымен тарихта қалды. Ұйғыр жазуына келер болсақ, бұл жазудың түркілер өмірінде алатын орны өте ерекше. Күні кешеге дейін қолданыста болғандығымен де құнды жазу. Брахми, тибет, сирия, иврит жазулары

түркілер арасына сіңісе алмаған, қабылдаған діндерімен бірге келіп, бірге кеткен, қысқа уақыт қолданылған жазулар болып табылады. Бүгін бізге жеткен көне жазба ескерткіштерден түркілердің тарих бойында бірнеше дінді қабылдап, бірнеше жазуды үйреніп әлемдік өзгерістерден ешқашан сырт қалмағандықтарын көреміз. Жалпы, түркілер әлемдік өркениетке өте ауқымды үлес қосқан халық.

Әдебиеттер

- Clauson G. The Origin of the Turkish “Runic” Alphabet. AO XXXII. In English. 1970. – 170 p.
 Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Тараз: ТИГУ баспасы, 2019. – 160 б.
 Emre A.C. Eski Türk Yazısının Menşei. – İstanbul, 1938. – 54 s.
 Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея: [Альбом] / общ. ред. А.Н. Кононова. – Ленинград: Наука, 1983. – 127 с.
 Doğan İ. Kafkasya'daki Göktürk (Runik) İşaretili Yazıtlar // Türk Dil Kurumu Yayınları. Araştırmalar Dizisi, 2000. – 250 s.
 Marcel E. The Nagy-Szent-Miklos Inscriptions in Greek // АОН. – 1988. – XLII (2-3). – 234 p.
 Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. – М.: «Восточная литература», 1994. – 328 с.
 Sertkaya, O. F. Eski Türkler okur yazar mıydı? // Göktürk Devletinin 1450. Kuruluş Yılı Dönümü-Sempozyum Bildirileri, 23-37, Yay. Haz. Y. Hacaloğlu. – Ankara, 2001. – 142 s.
 Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford, 1972. – 1034 p.
 Hatice Ş. Başlangıcından Günümüze Türk Yazı Sistemleri. Bilge Kültür Sanat. – İstanbul, 2015. – 408 s.
 Henning W.B. The Date of Sogdian Ancient Letter // BSOAS. – 1947-48. – vol. XII. – London. – 450 s.
 Джумагулов Ч. Язык сиро-тюркских (несторианских) памятников Киргизии. – Фрунзе, 1971. – 161 с.
 Древнетюркский словарь. Д.М. Насилов, И.В. Кормушин, А.В. Дыбо, У.К. Исабекова и др. – 2-е изд., пересмотр. – Астана: «Гылым» баспасы, 2016.
 Gabain A. “Eski Türkçenin Grameri”. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, Türk Dil Kurumu, 1988. – 313 s.
 Ercilasun A.B. Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi // Akçağ yayınları, Ankara, 2004. – 488 s.
 Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. – Ankara: Bizim Büro Basım Evi, 1999. – 543 s.
 Marcel E., A Grammar of Old Turkic. Leiden, 2004. – 575 p.
 Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1991. – 135 б.
 Малов С.И. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Академия Наук СССР, 1951. – 451 с.
 Ölmez M. Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri, Kesit yay. – İstanbul: 3. Baskı, 2021. – 566 p.
 Ölmez M., Röhrborn K., Die alttürkische Xuanzan Biographie III. – Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 2001. – 188 p.
 Peter T. D., Bright W. The Worlds Writing Systems. – Oxford University Press, 1996. – 967 p.
 Sertkaya O.F. Kağıda Yazılı Göktürk Metinleri ve Kağıda Yazılı Göktürk Alfabeleri // Göktürk Tarihinin Meseleleri. – Ankara: Türk Dili Araştırmaları Yıllığı. Belleten. 38 (1990). – S. 167-181.
 Tekin Ş. Mani Dininin Uygurlar Tarafından Devlet Dini Olarak Kabul Edilişinin 1200 Yıldönümü Dolayısı ile Birkaç Not. TDAY – B., 1962 (762 – Belleten)
 Wilkens J. Handwörterbuch des Altuirgischen / Eski Uygurcanın El Sözlüğü. – Universitätsverlag Göttingen: Göttingen, 2021. – 929 s.
 Garmatta J. Avarların Dili Sorununa Dair Doğu Avrupa’da Türk Oyma Yazılı Kitabeler (çev. H. Akın). – Ankara, 1988. – 64 s.

References

- Amanjолоv, A.S. (2019) Turki filologiyası jane jazu tarihi [Turkic philology and history of writing]. Taraz. TIGU baspası. (in Kazakh)
 Aidarov, G. (1991) Kone Uygur Jazba Eskertkishterinin Tili [The language of ancient Uyghur written monuments]. Almaty. (in Kazakh)
 Vasilyev, D.D. (1983). Korpus tyurkskikh runicheskikh pamyatnikov basseyna Yeniseya [Album] [Corpus of Turkic runic monuments of the Yenisei basin [Album]. Leningrad. Nauka. (in Russian)
 Garmatta, J. (1988) Avarların Dili Sorununa Dair Doğu Avrupa’da Türk Oyma Yazılı Kitabeler [Turkish Carved Inscriptions in Eastern Europe on the Problem of Avars Language]. Ankara (in Turkish)
 Gabain, A. (1988) Eski Türkçenin Grammeri [Grammar of Old Turkish]. Ankara. Türk Tarih Kurumu. Türk Dil Kurumu. (in Turkish)
 Nasilov D.M., Kormushin I.V., Dybo A.V., Isabekova U.K. (2016) Drevnetiurkskiy slovar [Old Turkic dictionary]. 2nd edition, revision. Astana. "Gyilm" publishing house. (in Russian)

- Doğan, İ. (2000) Kafkasya'daki Göktürk (Runik) İşaretli Yazıtlar [Inscriptions with Göktürk (Runic) Markings in the Caucasus]. Türk Dil Kurumu Yayınları. Araştırmalar Dizisi [Publications of the Turkish Language Association. A Series of Researches]. (in Turkish)
- Jumagulov, Ch. (1971) Yazık siro-tuyrskih (nestorianskih) pamiyatnikov Kirgizii [The language of Syro-Turkic (Nestorian) monuments in Kyrgyzstan]. Frunze. (in Russian)
- Ercilasun, A.B. (2004) Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi [History of Turkish Language from the Beginning to the Twentieth Century]. Akçağ publications, Ankara. (in Turkish)
- Eren, H. (1999) Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü [Etymological Dictionary of Turkic]. Ankara. Bizim Büro Press Evi. (in Turkish)
- Emre, A.C. (1938). Eski Türk Yazısının Menşei [Origin of Old Turkish Writing]. İstanbul. (in Turkish)
- Clauson, G. (1970). The Origin of the Turkish "Runic" Alphabet. AO XXXII.
- Clauson, G. (1972) An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford.
- Kyzlasov, I.L. (1994) Runicheskiye pismennosti yevraziyskikh stepey [Runic scripts of the Eurasian steppes]. Moscow. "Vostochnaya literatura". (in Russian)
- Malov, S.I. (1951) Pamiyatniki drevnetiurkskoy pismennosti [Of ancient Turkic writing]. Moscow-Leningrad. Academy of Sciences of the USSR. (in Russian)
- Marcel, E. (2004) A Grammar of Old Turkic. Leiden.
- Marcel, E. (1988) The Nagy-Szent-Miklos Inscriptions in Greek. AOH XLII (2-3).
- Ölmez, M. (2021). Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri [Kokturk and Old Uyghur Lessons]. 3rd edition. Kesit yay. İstanbul. (in Turkish)
- Ölmez, M., Röhrborn, K. (2001) Die alttürkische Xuanzan Biographie III. Wiesbaden. Harrassowitz Verlag. (in Deutsch)
- Peter, T.D., Bright, W. (1996) The World's Writing Systems. Oxford University Press.
- Sertkaya, O.F. (1990) Kağıda Yazılı Göktürk Metinleri ve Kağıda Yazılı Göktürk Alfabeleri. Göktürk Tarihinin Meseleleri. [Gokturk Texts Written on Paper and Gokturk Alphabets Written on Paper. Issues of Gokturk History. Matters of Göktürk History]. Ankara. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı. Belleten. 38. P. 167-181. (in Turkish)
- Sertkaya, O.F. (2001). Eski Türkler okur yazar mıydı? [Were the ancient Turks literate?]. Göktürk Devletinin 1450. Kuruluş Yılı Dönümü-Sempozyum Bildirileri [The State of Göktürk is 1450. Anniversary of the Establishment-Symposium Proceedings]. Ankara. (in Turkish)
- Tekin Ş. (1962) Mani Dininin Uygurlar Tarafından Devlet Dini Olarak Kabul Edilişinin 1200 Yıldönümü Dolayısı ile Birkaç Not [Several Notes on the 1200th Anniversary of the Adoption of the Mani Religion by the Uygurs as a State Religion]. TDAY – B. (in Turkish)
- Şirin, H. (2015) Başlangıcından Günümüze Türk Yazı Sistemleri [Turkish Writing Systems from the Beginning to the Present]. Bilge Kültür Sanat. İstanbul. (in Turkish)
- Henning, W.B. (1947-48) "The Date of Sogdian Ancient Letters". BSOAS. vol. XII. London.
- Wilkens, J (2021) Handwörterbuch des Altuigurischen [Handwörterbuch des Altuigurischen]. Eski Uygurcanın El Sözlüğü [A Manual Dictionary of Ancient Uighur]. Universitätsverlag Göttingen. Göttingen. (in Deutsch)